

Қазақстан Республикасының халықаралық және ішкі әуе желілерінде оқтын-оқтын авиатасымалдарды орындаудың тәртібін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Көлік, коммуникациялар және туризм министрлігі 1999 жылғы 8 қазандағы N 705-А-І, Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің 1999 жылғы 12 қазандағы N 36, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 1999 жылғы 14 қазандағы N 170 бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2000 жылғы 20 қазанда тіркелді. Тіркеу N 944. Күші жойылды - ҚР Көлік және коммуникациялар министрінің 2003 жылғы 23 маусымдағы N 208-І, ҚР Сыртқы істер министрінің 2003 жылғы 21 қазандағы N 08-1/155, ҚР Қорғаныс министрінің 2003 жылғы 7 қазандағы N 329 бірлескен бұйрығымен.

Ескерту: Бірлескен бұйрықтың атауы жаңа редакцияда жазылды - ҚР Сыртқы істер министрлігі, Қорғаныс министрлігінің 2000 ж. 16 маусымдағы N 42 2000 ж. 24 маусымдағы N 163 ҚР Көлік және коммуникациялар министрлігінің 2000 ж. 7 маусымдағы N 288-І бірлескен бұйрығымен .

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасында әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" Заң күші бар Жарлығына сәйкес жолаушылар, теңдеме жүктерді және/немесе жүктерді тасымалдауды жүзеге асыру кезінде тұрақты рейстерді жүзеге асыратын тағайындалған авиакомпаниялардың мүддесіне нұқсан келтірмей, Қазақстан Республикасының халықаралық және ішкі әуе желілерінде азаматтық әуе кемелерінің оқтын-оқтын ұшуды орындауын қамтамасыз ету және дайындықты ұйымдастырудың біртұтас тәртібін анықтау мақсатында Бұйырамыз:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының халықаралық және ішкі әуе желілерінде оқтын-оқтын авиатасымалдарды орындаудың тәртібі (бұдан әрі - Тәртіп) бекітілсін.

Ескерту: 1-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Сыртқы істер министрлігі, Қорғаныс министрлігінің 2000 ж. 16 маусымдағы N 42 2000 ж. 24 маусымдағы N 163 ҚР Көлік және коммуникациялар министрлігі 2000 ж. 7 маусым N 288-І бірлескен бұйрығымен .

2. Қазақстан Республикасы Көлік, коммуникациялар және туризм министрлігі Тәртіпті Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізуді қамтамасыз етсін.

3. "Қазақстан Республикасының әуе кеңістігінде шетелдік азаматтық әуе

кемелерінің оқтын-оқтын ұшуды орындауын ұйымдастыру жөніндегі уақытша нұсқаулығын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігі Әуе кеңістігін пайдалану және азаматтық авиация қызметі комитеті төрағасының 1998 жылғы 14 шілдедегі N 98-п бұйрығының күші жойылды деп танылсын (қоса беріліп отыр).

4. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінен мемлекеттік тіркеуден өткен мезеттен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Сыртқы істер министрінің
міндетін атқарушы

Қазақстан Республикасының
Қорғаныс министрінің
міндетін атқарушы

Қазақстан Республикасының
Көлік, коммуникациялар және
туризм министрінің
міндетін атқарушы

1999 жылғы 8 қазан N 705-А-І
Қазақстан Республикасы Сыртқы істер
министрінің 1999 жылғы 12 қазан N 36
Қазақстан Республикасы Қорғаныс
министрінің 1999 жылғы 14 қазан N 170
бірлескен бұйрықпен бекітілген

Қазақстан Республикасының халықаралық және ішкі әуе желілерінде оқтын-оқтын авиатасымалдарды орындаудың уақытша тәртібі

1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасының халықаралық және ішкі әуе желілерінде оқтын-оқтын авиатасымалдарды орындаудың осы уақытша тәртібі (бұдан әрі - Тәртіп) Халықаралық азаматтық авиация ұйымдарының (ИКАО), Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" Заң күші бар Жарлығы, Қазақстан Республикасының азаматтық авиация қызметін және әуе кеңістігін пайдалануды реттейтін басқа да нормативтік құқықтық актілерінің негізінде әзірленді.

Қазақстан Республикасының халықаралық азаматтық авиация туралы конвенцияның (Чикаго, 1944 ж.) ережелеріне сәйкес Қазақстан Республикасының әуе кеңістігінде тұрақсыз (чартерлі) ұшуларға өзіне қолайлы болып саналатын тәртіптер, шарттар және шектеулерді енгізуге құқылы.

2. Осы Тәртіп тұрақты рейстер жүзеге асыратын шығынсыз әуе

тасымалдарына сұранысты толығырақ қанағаттандыру мақсатында жолаушыларды, теңдеме жүктерді және/немесе жүктерді тасымалдауды жүзеге асырғанда Қазақстан Республикасының халықаралық және ішкі әуе желілерінде азаматтық әуе кемелерімен тұрақсыз авиатасымалдарды орындауға дайындықты ұйымдастыру, және қамтамасыз етудің бір тұтас тәртібін, Қазақстан Республикасының пайдаланушыларының шетел мемлекеттерінің әуе кеңістігін пайдалануға және шетелдік пайдаланушылардың Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалануға арнайы рұқсат алу және сұрау салу тәртібін а й қ ы н д а й д ы .

3. Осы Тәртіпте мынадай терминдер мен түсініктер қолданылады:

1) тұрақты рейс - жарияланған кестеге сәйкес жүзеге асырылатын және кез келген қоғамдық топ үшін тиімді тағайындалған тасымалдаушы орындайтын р е й с ;

2) әуе кемесінің фрахты шарты (фрахтышы) - бір тарап фрахтышы) екінші тарапқа (фрахты алушыға) жолаушыларды, теңдеме жүктерді және/немесе жүктерді тасымалдау үшін бір немесе бірнеше әуе кемелерінің бір немесе бірнеше рейстерінің сыйымдылығының барлық немесе бір бөлігін беруге м і н д е т т е н е т і н к е л і с і м ;

3) оқтын-оқтын авиатасымалдау - тұрақты авиатасымалдау болып табылмайтын коммерциялық әуе тасымалдауы;

4) чартерлі рейс - әуе кемесінде фрахтыланған (кестеден тыс) тұрақсыз а в и а т а с ы м а л д а у ;

5) халықаралық чартерлі рейс - шет мемлекеттің тиісті құзыретті органдарының арнайы рұқсаты негізінде оқтын-оқтын (чартерлі) тасымалдарды жүзеге асыру мақсатында бірден астам елдің әуе кеңістігін пайдалану арқылы әуе кемесімен орындалатын тұрақсыз (кестеден тыс) рейс;

6) ішкі чартерлі рейс - Қазақстан Республикасының авиациялық әкімшілігінің арнайы рұқсаты негізінде Қазақстан Республикасының әуе кемесінде оқтын-оқтын (чартерлі) тасымалдарды жүзеге асыру мақсатында әуе кемесінде орындалатын (кестеден тыс) тұрақсыз рейс;

7) қызмет көрсету үшін тасымалдар - апатты жағдайларда немесе жазатайым болған оқиға кезінде көмек көрсету үшін адамдар мен жабдықтарды тасымалдау үшін қоғамдық мақсаттарда орындалатын рейстер, санитарлы рейстер, сондай-ақ қалпына келтіру және апатты құтқару жұмыстарын жүргізуге байланысты р е й с т е р ;

8) оқтын-оқтын (чартерлі) рейсті орындауға сұрау салу - әуе кеңістігін пайдалануға арнайы рұқсат алу үшін қажетті мәліметтерден тұратын құжат;

9) арнайы рұқсат - осы мемлекеттің авиациялық әкімшілігімен немесе оның уәкілетті органмен айқындалған мемлекеттің әуе кеңістігін пайдалану шарты

ж ә н е

т ә р т і б і ;

10) Қазақстан Республикасының авиациялық әкімшілігі Қазақстан Республикасының Көлік, коммуникациялар және туризм министрлігі;

11) ауа бостандығы - халықаралық әуе қатынасына қатысты бір мемлекеттің екінші мемлекетке немесе мемлекеттерге жолаушыларды, теңдеме жүктерді және /немесе жүктерді тасымалдау үшін ұшуларды жүзеге асыру және өз аумағында қону үшін берілетін құқық немесе жеңілдік.

4. Әлемдік тәжірибеде тоғыз ауа бостандығы қабылданған:

1) бірінші ауа бостандығы - халықаралық әуе тасымалдарына қатысты бір мемлекеттен екінші мемлекетке немесе мемлекеттерге оның аумағы арқылы қонбай ұшып өтуді жүзеге асыру үшін берілетін құқықтар немесе жеңілдіктер;

2) екінші ауа бостандығы - халықаралық әуе тасымалдарына қатысты бір мемлекеттен екінші мемлекетке немесе мемлекеттерге өз аумағына коммерциялық емес мақсатта қонуды жүзеге асыру үшін берілетін құқықтар немесе жеңілдіктер ;

3) үшінші ауа бостандығы - халықаралық әуе тасымалдарына қатысты бір мемлекеттен екінші мемлекетке немесе мемлекеттерге авиатасымалдаушы тіркелген мемлекетте бортқа алынған жолаушыларды, теңдеме жүктерді және/немесе жүктерді бірінші мемлекеттің аумағына түсіруді жүзеге асыру үшін берілетін құқықтар немесе жеңілдіктер;

4) төртінші ауа бостандығы - халықаралық әуе тасымалдарына қатысты бір мемлекеттен екінші мемлекетке немесе мемлекеттерге авиатасымалдаушы тіркелетін келесі мемлекеттің жолаушыларын, теңдеме жүктерін және/немесе жүктерін бірінші мемлекеттің аумағына бортқа қабылдау үшін берілетін құқықтар немесе жеңілдіктер ;

5) бесінші ауа бостандығы - халықаралық әуе тасымалдарына қатысты бір мемлекеттен екінші мемлекетке немесе мемлекеттерге келесі үшінші мемлекеттен немесе оған жолаушыларды, теңдеме жүктерді және/немесе жүктерді бірінші мемлекеттің аумағында түсіру және бортқа қабылдау үшін берілетін құқықтар немесе жеңілдіктер ;

6) алтыншы ауа бостандығы - халықаралық әуе тасымалдарына қатысты бір мемлекеттен екінші мемлекетке немесе мемлекеттерге авиатасымалдаушы тіркелген мемлекет арқылы жолаушыларды, теңдеме жүктерді және/немесе жүктерді басқа екі мемлекет арасында жүзеге асыру үшін берілетін құқықтар немесе жеңілдіктер ;

7) жетінші ауа бостандығы - халықаралық әуе тасымалдарына қатысты бір мемлекеттен екінші мемлекетке немесе мемлекеттерге қабылдаушы мемлекеттің аумағындағы қандай да бір мекенге осындай тасымалды қосу туралы қандай да бір талаптарсыз осы құқықтарды беретін мемлекеттің және үшінші мемлекеттің

аумағында аумақтар арасында тасымалдарды жүзеге асыру үшін берілетін құқықтар немесе жеңілдіктер;

8) сегізінші ауа бостандығы - халықаралық әуе тасымалдарына қатысты бір мемлекеттен екінші мемлекетке немесе мемлекеттерге шетелдік тасымалдаушы тіркелген немесе (жетінші ауа бостандығының осылай аталуына байланысты) құқық беруші мемлекеттің аумағынан тыс ("жүйелі каботаж") басталатын немесе аяқталатын бағыттары бойынша құқық беретін мемлекеттің аумағындағы екі мекеннің арасындағы тасымалдарды жүзеге асыру үшін берілетін құқықтар мен жеңілдіктер;

9) тоғызыншы ауа бостандығы - халықаралық әуе тасымалдарына қатысты бір мемлекеттен екінші мемлекетке немесе мемлекеттерге осы құқықтарды беретін мемлекеттің ("автономиялы каботаж") аумағымен толық бағыт бойынша каботажды тасымалдарды жүзеге асыру үшін берілетін құқықтар мен жеңілдіктер.

5. Шетелдік әуе кемелерін пайдаланушыларға (5-9 ауа бостандықтары) коммерциялық құқықтар беру мәселелері олардың тұрақсыз (чартерлі) ұшуларды Қазақстан Республикасының аумағында/арқылы орындау негізінде әрбір жеке жағдайларда Қазақстан Республикасының авиациялық әкімшілігінің қарауына жатады.

6. Халықаралық авиатасымалдарды (соның ішінде халықаралық чартерлі рейстер) орындайтын Қазақстан Республикасы авиакомпаниялары әуе кемелерінің ұшуы, сондай-ақ шетелдік әуе кемелерін пайдаланушылардың ұшуды және олардың Қазақстан Республикасының аумағына қонуы Халықаралық ұшулар үшін ашылған аэродромдарда жүргізіледі.

7. Қазақстан Республикасының әуе кеңістігінде азаматтық әуе кемелерінің тұрақсыз авиатасымалдарын реттеуді және бақылауды Қазақстан Республикасының авиация әкімшілігі жүзеге асырады.

2. Қазақстан Республикасы пайдаланушыларының азаматтық әуе кемелерімен халықаралық және ішкі тұрақсыз авиатасымалдарды орындау шарттары мен тәртіптері

8. Қазақстан Республикасының әуе кеңістігіндегі Қазақстан Республикасының азаматтық әуе кемелерін пайдаланушыларының (соның ішінде ішкі чартерлі рейстер) ішкі тұрақсыз авиатасымалдары заңдарда белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының авиация әкімшілігі берген, қолданылып жүрген тиісті лицензия бар болғанда жүзеге асырылады.

Ішкі оқтын-оқтын авиатасымалдарды (соның ішінде ішкі чартерлі рейстерді) жүзеге асыру үшін қажетті құжаттарды ресімдеу тәртібі мен қарау мерзімін Қазақстан Республикасының авиация әкімшілігі белгілейді.

Қазақстан Республикасы азаматтық әуе кемесін пайдаланушылардың

халықаралық оқтын-оқтын ұшулары қолданылып жүрген тиісті лицензия бар болғанда және әуе кемесін пайдаланушы тиісті шет мемлекеттердің азаматтық авиация әкімшіліктері, не оған уәкілетті мемлекеттік органдар берген арнайы рұқсат алған жағдайда, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 28 ақпандағы N 285 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану туралы ереженің талаптырына сәйкес орындалады.

9. Қазақстан Республикасы азаматтық әуе кемесін пайдаланушылардың шет мемлекеттің әуе кеңістігінде ұшуға арнайы рұқсат алуды осы шет мемлекеттің немесе өз бетімен белгілеген мерзімдері мен тәртіптеріне сәйкес Қазақстан Республикасының авиациялық әкімшілігі арқылы Қазақстан Республикасының пайдаланушылары жүзеге асырады.

10. Қазақстан Республикасының әуе кемесін пайдаланушылар тұрақсыз (чартерлі) рейстерді орындау үшін шет мемлекеттің әуе кеңістігін пайдалануға арнайы рұқсат алуға Қазақстан Республикасының авиация әкімшілігіне сұрау салады.

Оқтын-оқтын (чартерлі) рейстерді орындауға арнайы рұқсат алуға сұрау салуға мынадай құжаттар қоса берілуі керек:

- 1) авиакомпания пайдаланушысының куәлігі;
- 2) әуе кемесінің ұшуға жарамдылығы туралы куәлік;
- 3) әуе кемесінің мемлекеттік тіркелуі туралы куәлік;
- 4) тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық құқықтық жауапкершілігін сақтандыру куәлігі;
- 5) жоғарыдағы үшінші тұлғалар алдында жауапкершілік сақтандыру (сақтандыру компаниясының атауы, оның мекен-жайы және сақтандыру полисі) көлемі көрсетілген үшінші тұлғалар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру куәлігі;
- 6) әуе кемесі мен экипажды сақтандыру куәлігі;
- 7) авиакомпанияға үш әріпті кодтың (ИКАО) берілгендігі туралы құжаттың көшірмесі;

8) Қазақстан Республикасының авиация әкімшілігі осындай немесе өзге де шет мемлекеттің тәртіптері мен рәсімдеріне сәйкес талап ету керек деп табатын кез келген басқа да құжаттар.

11. Қазақстан Республикасы мен басқа да мемлекеттердің арасындағы әуе қатынасы туралы үкіметаралық келісімдерге сәйкес уағдаласылған желілер бойынша тұрақты рейстерді орындайтын тағайындалған авиакомпания мүдделеріне шығын келтірмеу мақсатында тағайындалған авиакомпаниялар пайдаланған уағдаласылған желілерге сәйкес келетін бағыттар бойынша тұрақсыз (чартерлі) рейстердің орындалуына тыйым салынады, мыналардан басқа:

1) көмек көрсету үшін тасымалдар;

2) осы ұйым шығындарын толық жабатын кісілер мен жүктерді тасымалдау үшін жеке мақсаттан басқа әуе кемесін бір ұйымның немесе жеке адамның фрахтылау (чартердің) шартына сәйкес орындалатын бір реттік чартерлі рейстер немесе жеке мақсатқа пайдаланатын чартелі рейстер, бұл жағдайда фрахтыланған сыйымдылық қоғамға қайта сатуға жатпайды;

3) коммерциялық емес мақсатпен салонды вариантты жеке әуе кемелерінде орындалатын бір рет ұшулар;

4) ұйымдастырылған туристік топты ("инклюзив-тур") тасымалдау мақсатында барлық әуе кемелері немесе тур-оператордан, яғни қонақ үйге орналастыру және/немесе басқа да жердегі қызмет көрсетуді қосқандағы кешенді бағаға сатып алған жолаушыларды тасымалдау үшін оның фрахтыланған бөлігі. Бұл жағдайда авиабилеттерді ресімдеу екі бағытқа және турдың ұзақтығына байланысты нақтылы уақытқа жүргізіледі. Авиабилеттерді бір бағытқа (OW), не жеке жолаушыларды тасымалдау мақсатында ашық (OPEN) күнімен ресімдеуге т ы й ы м с а л ы н а д ы .

Осы оқтын-оқтын (чартерлі) тасымалдарды орындау жағрафиялық және бағыттық мүмкін шектеулер ескеріліп, чартерлі бағдарламалар алдын ала бекітілген жағдайда Қазақстан Республикасының авиация әкімшілігінің арнайы рұқсаты бойынша жүзеге асырылады.

5) тұрақты әуе қатынастары жоқ аймақтарға жолаушыларды, теңдеме жүктерді және/немесе жүктерді тасымалдау мақсатында орындалатын рейстерден.

3. Қазақстан Республикасының әуе кеңістігінде шет мемлекеттер азаматтық әуе кемелерімен тұрақсыз авиатасымалдауды орындаудың шарттары мен тәртібі

12. Қазақстан Республикасының әуе кеңістігінде оқтын-оқтын (чартерлі) ұшуларды орындайтын шет мемлекеттердің азаматтық әуе кемелері егер олар жолаушыларды, теңдеме жүктерді және/немесе жүктерді тасымалдаумен айналысса бортқа Қазақстан Республикасының аумағынан жолаушыларды, теңдеме жүктерді және/немесе жүктерді Қазақстан Республикасының авиация әкімшілігінің арнайы рұқсаттарында айқындалған шарттармен түсіре және қ а б ы л д а й а л а д ы .

13. Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін шет мемлекеттердің азаматтық әуе кемелерінің оқтын-оқтын (чартерлі) ұшуды орындауға пайдалануға арнайы рұқсатты Қазақстан Республикасының авиация әкімшілігі ресімдейді. Осы тәртіптің талаптарын ескере отырып ресімделген, белгіленген үлгідегі (Қосымша сәйкес) сұрау салулар шет мемлекеттердің тиісті авиациялық әкімшіліктерінен, не олардың уәкілеттендірілген өкілдерінен түсуі керек. Осындай арнайы рұқсат

алуға сұрау салудың тәртібі мен мерзімі Қазақстан Республикасының (АІС) аэронавигациялық ақпарат нұсқаухатында жарияланады. Сұрау салуды ресімдеу тәртібі мен қарау мерзімін Қазақстан Республикасының авиация әкімшілігі б е к і т е д і .

14. Қазақстан Республикасының авиатасымалдау рыногы мен авиакомпаниялар мүддесін (тағайындалған тасымалдаушыларды қосқанда) қорғауды қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының авиация әкімшілігі Қазақстан Республикасына/нан шет мемлекеттердің әуе кемелерінің оқтын-оқтын (чартерлі) ұшуларды орындау кезінде жолаушыларды, теңдеме жүктерді және/немесе жүктерді тасымалдауда коммерциялық құқықтарды пайдалануға арнайы рұқсат беруден бас тартуға құқылы.

15. егер белгіленген бағыт Қазақстан Республикасы мен басқа мемлекеттер арасындағы әуе қатынасы жөніндегі үкіметаралық келісімдердегі авиация әкімшіліктері арасындағы жеке уағдаластықтарға сәйкес тағайындалған авиакомпаниялар пайдаланатын келісілген желілермен сәйкес келсе, шетел мемлекеттерінің әуе кемелері орындайтын тұрақсыз (кестеден тыс) коммерциялық ұшуларды рейстерді орындауға рұқсат етілмейді, мыналардан б а с қ а :

1) көмек көрсету үшін тасымалдар;

2) осы ұйым шығындарын толық жабатын адамдар мен жүктерді тасымалдау үшін жеке мақсаттан басқа әуе кемесін бір ұйымның немесе жеке адамның фрахтылау (чартердің) шартына сәйкес орындалатын бір реттік чартерлі рейстер немесе жеке мақсатқа пайдаланатын чартерлі рейстерден, бұл жағдайда фрахтыланған сыйымдылық қоғамға қайта сатуға жатпайды;

3) коммерциялық емес мақсатпен салонды вариантты жеке әуе кемелерінде орындалатын бір рет ұшулар;

4) екі бірдей және сол мекендердің арасында айына бір рейстен артық емес жиілікпен орындалатын бір реттік рейстер.

Қазақстан Республикасының
халықаралық және ішкі әуе
желілерінде тұрақсыз
авиатасымалдарды
орындаудың уақытша
тәртібіне қосымша

**Шет ел мемлекеті әуе кемесінің Қазақстан Республикасының
әуе кеңістігін пайдалануға арнайы рұқсат
алуына сұрау салу**

1. Авиакомпанияның атауы және дұрыс мекен-жайы.

2. ИКАО нөмірі және рейс нөмірі.

3. Әуе қатынасының (ӘҚ) түрі, ең көп ұшу шамасы, негізгі және қордағы ӘҚ тіркелу белгісі, олардың радиодыбысы.
 4. ӘҚ командирінің аты-жөні және азаматтығы (негізгі және қордағы экипаждар), экипаж құрамының саны.
 5. Рейстің нөмірі мен санаты (тұрақсыз және басқа).
 6. Тасылатын жолаушылардың/жүктің түгел саны мен санаты.
 7. Жүктің шыққан жері және түрі, жолаушыларды, жүктерді жіберу мекені мен жеткізу мекені.
 8. Қазақстан Республикасының әуе кеңістігіне(нен) кіретін және шығатын нүктелерін күнін, толық бағытын және қозғалыс кестесін ұшу бағытындағы әуе авиатрассаларды, коммерциялық және техникалық қонуларды қ о с а к ө р с е т у .
 9. Жалға алушы (толық атауы, реквизиттері).
 10. Жүк жіберуші (толық атауы, реквизиттері).
 11. Қазақстан Республикасы аумағындағы қабылдаушы тарап немесе агент (толық атауы, реквизиттері).
 12. Навигациялық және байланыс құрал-жабдықтарының түрі.
 13. Борттағы қарудың, оқ-дәрілердің фотоаппаратурасының бар болуы.
 14. Төлем түрі.
- Лауазым иесінің қолы, телефоны.